

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қосу амалына шығарылатын есептер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
01.02.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/28626/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Ельчибаева Марина Жакановна**

**Сабақтың мақсаты:** әр түрлі объектілерді пайдалану арқылы қосындыны табуға арналған есеп жайлы оқушылардың білімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

- Санауға, есептеуге дағдыландыру;
- Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын, ойын арқылы танымдық қабілеттерін, ой – өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа, әдемі жазуға тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ.

**Әдістері:** сұрақ – жауап, талдау, ойын, өзіндік, тест тапсырмалары.

**Көрнекілігі:** компьютер, электрондық оқулық, слайд тақтасы.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Психологиялық дайындық.

**II. Өтілген тақырыппен жұмыс.**

- 10 көлеміндегі сандарды санау.

**(Слайд 1)**

- Өздерің жаттаған санамақты еске түсіріп айтып беріңдер.

Санамақ.

*Бір дегенім – бесік,  
Шықтық содан өсіп.  
Екі дегенім – елім,  
Далам, тауым, көгім.  
Үш дегенім – үміт,  
Үміт артар жігіт.  
Төрт дегенім – төзім,  
Төзе білем өзім.  
Бес дегенім – бақыт,  
Бағалайтын уақыт.  
Алты деген – ақыл,  
Тыңдағаның мақұл.  
Жеті деген – жалау,  
Жүректегі алау.  
Сегіз деген – сөзің,  
Серт беретін кезің.  
Тоғыз деген – тоқтау,  
Елдің жоғын жоқтау.  
Он дегенім – Отан,  
Қорға соны, ботам!*

### **III. «Көршіңді тап» ойыны. (Слайд 2)**

1, 2, 4, 6, 8, 9.

#### **1. «Үндемес» ойыны. (Слайд 3)**

2+2    4+2    6+2    10-2    5-2    8-2

3+2    5+2    8+2    9-2    6-2    7-2

#### **1. «Кім тез есептегіш?» ойыны.**

*Ал, балалар, балалар,*

*Қағаз бенен қалам ал.*

*Екі ешкінің мүйізі,*

*Қане кімдер табады,*

*Сонда қанша болады?*

*Он асықтың үшеуін*

*Досың сұрап алады.*

*Айтшы сонда нешеуі*

*Өз қолыңда қалады?*

#### **VI. Тест сұрақтары. (Слайд 4)**

**1 - сұрақ. Төрт қабырғасы тең фигураны тап.**

**2 - сұрақ. Дөңгелекті тап.**

**3 - сұрақ. Кесіндіні көрсет.**

**4 - сұрақ. Кішірейтілген кезінде нүктеге ұқсас фигураны тап.**

#### **VII. Сурет бойынша есеп құрастыру. (Слайд 5)**

#### **VIII. Бекіту**

#### **IX. Білімдерін бағалау**

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.